

Зырян ауданының мәслихатының 2017 жылғы 26 маусымдағы № 19/8-VI "Зырян ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарын көму тарифтерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 68/2-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 шілдеде № 7279 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2022 жылғы 4 наурыздағы № 14/3-VII шешімімен

**Ескеरту.** Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 04.03.2022 № 14/3-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескерпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1- тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10030 тіркелген) бұйрығына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өндеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14285 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Зырян ауданының мәслихатының 2017 жылғы 26 маусымдағы № 19/8-VI "Зырян ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарын көму тарифтерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5149 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық

бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылғы 7 тамызда жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) шешімінің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын: "Алтай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы";

2) шешімге № 1-қосымша жаңа редакцияда жазылсын.

2. Зырян ауданының мәслихатының 2019 жылғы 12 сәуірдегі № 47/13-VI "Зырян ауданының мәслихатының 2017 жылғы 26 маусымдағы № 19/8-VI "Зырян ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарын көму тарифтерін бекіту туралы" шешімінің қолданылуын тоқтата тұру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5862 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 30 сәуірде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы*

*Алтай ауданының мәслихат хатшысы*

*С. Мангулова*

*Л. Гречушникова*

Алтай ауданының

мәслихатының

2020 жылғы 24 маусымы

№ 68/2-VI шешімге қосымша

Зырян ауданының

мәслихатының

2017 жылғы 26 маусымдағы

№ 19/8-VI шешіміне 1- қосымша

### **Алтай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын**

№ р/с	Коммуналдық қалдықтардың жинақталу нысаны	Есептік бірлік	1 есептік бірлігіне жылдық норма, м3
1	Жайлы үйлер Жайлы емес үйлер	1 түрғын	1,85 2,25
2	Жатақханалар, интернattар, балалар үйлері, карттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,75
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,76

4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,82
5	Мекемелер, ұйымдар, оғистер, кенеслер, жинак банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,58
6	Емханалар	1 келіп кету	0,002
7	Аурұханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,71
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,35
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,89
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,400
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,060
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,075
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,090
14	Азық-түлік, Өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,65 0,62
15	Машиналардан сату	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,32
16	Базарлар, сауда павильондары, дүнгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,22
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,12
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,15
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халықта қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,95
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,23
21	Жагажайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,95
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,42
	Автотұрақтар, автомобильді жүү		

23	орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	2,1
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмыскер	2,2
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,3
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,01
27	Kір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,3
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,5
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,8
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,4
31	Каланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын занды ұйымдар	1000 қатысушы	0,65
32	Бау-бакша кооперативтері	1 участке	2,25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК